



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 14 ақпан жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Депутаттық сауал аграрлық сала қызметкерлерінің Үкіметтің күнбағыс тұқымына енгізген баж салығына қатысты көптеген өтініштеріне байланысты болып отыр.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2023 жылдың аяғында күнбағыстың жалпы қоры 322 мың тоннадан асты, оның ішінде май зауыттарының қоймаларында – 68 мың тоннадан астам, бұл - күнбағыс майын өндіру мен ішкі нарықты толықтыру үшін қажет мөлшердің 2 айлық қоры.

Бұл ретте, 2023 жылдың 4 тоқсанында ішкі нарықтың қажеттілігі айына 38 мың тонна болғанда күнбағысты өңдеу көлемі орта есеппен 94 мың тоннаны құрады.

Өтпелі қорларды және импорт көлемін ескеретін болсақ, күнбағыстың жыл сайынғы жалпы ұсынысы шамамен 1 млн. тоннаны құрайды, яғни ішкі нарыққа күнбағыс майын өндіру және жеткізу үшін қажет шикізат сұранысынан **2 еседен** де асып түседі.

Айта кету керек, 2002 жылдан қазіргі маусымға дейін май шығаратын зауыттар ғана өндіретін және экспорттайтын тазартылған күнбағыс экспорты жалпы көлемде 4-дан 26 % дейін өсті. Яғни, май зауыттарына күнбағысты экспорттауға болады, ал оны өсіру үшін барлық шығындар мен тәуекелдерді көтеретін фермерлерге болмайды. Бұл жерде, Үкіметтің іс-әрекетіндегі әділеттілік пен логика қайда?!

Жалпы алғанда, күнбағыс өндірісі 2019-2023 жылдар аралығында 840-тан 1,3 млн. тоннаға дейін немесе 55%-ға ұлғайды. Осыған қарамастан, 2021 жылы Үкімет экспортқа квота енгізді, ал 2023 жылдан бастап – келісімшарт құнының 20%, бірақ тоннасына 100 еуродан кем болмайтын мөлшерде тұқымды әкетуге экспорттық кедендік баж салығын енгізді. Бұл ретте Ресейден әкелінетін тұқымның жылдық импорты жылына рекордтық 230 мың тоннаға жетті.

Экспорттық баж салығын енгізу және импорттың өсуі отандық фермерлер үшін күнбағыс тұқымын сатып алу бағасының рентабельділік деңгейінен төмен құлдырауына алып келді. Депутаттармен кездесу барысында шаруалар егістік ауысымын диверсификациялауды шақыра отырып, жүздеген шаруа қожалықтарына зиян келтіретін, күнбағыс майын өндіретін шектеулі кәсіпорындардың мүддесін көздейтін Үкіметтің іс-әрекетін түсіндіруді талап етеді.

Осы орайда, күнбағысты өсірумен айналысатын өңірлерден (ШҚО және Павлодар облысы) басқа, бұл дақылға СҚО, Қостанай және Қарағанды облыстарының шаруалары үлкен қызығушылық туғыза бастады, олар сәйкесінше егістік алқаптарын ұлғайтып отыр. Яғни, шаруаларды өтпелі қорлары жыл сайын миллиондаған тоннаға жетіп отырған монодақылдардан бас тартуға шақырып, олар онымен келісіп, өз жұмысының бүкіл технологиясын, оның ішінде қымбат техникалық жарақтандыруды қайта өзгерткенде, шаруаларға осындай «қапан» қойып, тығырыққа тірейді. Бұл қаншалықты дұрыс әрі әділ қарым-қарынас деген сұрақ туындайды?

Соңында, уәкілетті мемлекеттік органдардың түсініксіз әрекеттері көктемгі-дала жұмыстары қарсаңында фермерлердің айналым қаражат тапшылығына және көптеген шаруашылықтардың банкрот болуына әкеп соқтырды. Осындай жағдайда күнбағыс тұқымын экспортқа сату оларды құтқарудың бірден-бір жолы болар еді.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты, алдағы егіс науқанын уақтылы қаржыланжыру қажеттігін ескере отырып, ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап күнбағыс экспортына экспорттық баж салығының күшін тоқтатуды орынды деп есептейміз.

Бұл шаруаларға Өзбекстанда және Қытайда сұранысқа ие өнімді нарықтық әділ бағамен сатуға мүмкіндік береді. Ішкі және экспорттық баға айырмасы тоннасына 60 мың теңгені құрайды және 226 мыңнан астам тонна көлеміндегі күнбағыстың экспорттық әлеуетін ескерсек, **шаруаларға 13 млрд. астам теңге сомасында қосымша табыс алуға мүмкіндік болады.**

Сондай-ақ, бұл шешімді «Атамекен» ҰКП алаңында барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен талқылай отырып, шұғыл түрде қабылдауды ұсынамыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелері және оларды іске асыру бойынша қабылданған шаралар туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары -
Аграрлық мәселелер
комитетінің және
«Ауыл» ХДПП фракциясының
мүшелері**

С. Егізбаев

Е. Мәмбетов
Қ. Әлішев
А. Әлтай
Н. Әшімбетов
Ж. Дайрабаев
П. Казанцев
Д. Қасқарауов
А. Қожаназаров
А. Бакқожаев
И.Сұңқар
Қ. Әбден
Н. Арсютин
А. Зейнуллин
Е. Саурықов
Т. Серіков

орын. Ә.Қапезова
тел.746747

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

оглашен 14 февраля 2024 года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Бектенову О.А.**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Олжас Абаевич!

Депутатский запрос связан с многочисленными обращениями аграриев относительно введенной Правительством пошлины на семена подсолнечника.

Согласно данным Бюро национальной статистики общие запасы подсолнечника на конец 2023 года составили более 322 тыс. тонн, из которых на складах маслозаводов – более 68 тыс. тонн, это 2-х месячный запас сырья для производства и поставки масла подсолнечного на внутренний рынок.

При этом, объем переработки подсолнечника за 4 квартал 2023 года составил в среднем 94 тыс. тонн в месяц при потребности внутреннего рынка 38 тыс. тонн в месяц.

С учетом переходящих запасов ежегодное общее предложение подсолнечника с учетом импорта составило порядка 1 млн. тонн, что более чем **в 2 раза** превышает потребности в сырье для производства и поставки на внутренний рынок масла подсолнечного.

Следует отметить, что с 4 до 26% с 2022 года по нынешний сезон вырос в общем объеме экспорт лущенного подсолнечника, который производится и экспортируется только маслозаводами. То есть, получается, что маслозаводам подсолнечник экспортировать можно, а фермерам, которые несут все издержки и риски по его выращиванию, нельзя. И где же здесь справедливость и логика в действиях Правительства?!

В целом, производство подсолнечника с 2019 по 2023 годы увеличилось с 840 до 1,3 млн. тонн или на 55%. Несмотря на это в 2021 году Правительством введены квоты на экспорт, а с 2023 года - экспортная таможенная пошлина на вывоз семян в размере 20% от контрактной стоимости, но не менее 100 евро на тонну. При этом годовой импорт семян из России достиг рекордных 230 тыс. тонн в год.

Введение экспортной пошлины и рост импорта привели к обрушению закупочных цен для отечественных фермеров на семена подсолнечника ниже уровня рентабельности. Фермеры на встречах с депутатами требуют объяснить действия Правительства в интересах ограниченного количества предприятий-производителей подсолнечного масла в ущерб сотням фермерских хозяйств и при этом призывающего их диверсифицировать свои севообороты.

При этом надо отметить, что помимо регионов, традиционно выращивающих подсолнечник (ВКО и Павлодарская область), интерес к этой культуре проявили фермеры СКО, Костанайской и Карагандинской областей, соответственно нарастив посевные площади. То есть сложилась ситуация, когда аграриев призывают к уходу от монокультур, переходящие запасы которых ежегодно достигают миллионов тонн, и когда фермеры соглашаются и перестраивают всю технологию своей работы включая дорогостоящее техническое перевооружение, им ставят такие «капканы». Возникает вопрос, насколько это честные взаимоотношения?

В итоге, неуклюжие действия уполномоченных государственных органов привели к острому дефициту оборотных средств у фермеров накануне весенне - полевых работ и поставили на грань банкротства многие хозяйства. При такой ситуации продажа семян подсолнечника на экспорт могла бы стать для них спасительным решением.

В связи с вышеизложенным, учитывая острую необходимость своевременного финансирования предстоящей посевной кампании считаем, целесообразным отменить действие экспортной пошлины на экспорт подсолнечника с февраля текущего года.

Это позволит крестьянам по справедливой цене реализовать продукцию, пользующуюся спросом в Узбекистане и Китае. Разница между внутренней и экспортной ценой составляет сегодня около 60 тыс. тенге на тонне и с учетом экспортного потенциала подсолнечника в объеме более 226 тыс. тонн **фермеры могут получить дополнительный доход в сумме более 13 млрд. тенге.**

Также рекомендуем принятие данного решения оперативно обсудить с представителями всех заинтересованных сторон на площадке НПП «Атамекен».

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по их реализации просим дать письменно в установленные законодательством сроки.

**С уважением,
депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан -
члены Комитета
по аграрным вопросам
и фракции НДПП «Ауыл»**

**Егізбаев С.
Мамбетов Е.
Алишев К.
Ашимбетов Н.**

**Элтай А.
Дайрабаев Ж.
Казанцев П
Каскарауов Д.
Ходжаназаров А.
Сўнқар И.
Баккожаев А.
Абден К.
Арсютин Н.
Зейнуллин А.
Саурыков Е.
Сериков Т.**

*исп. А. Канезова,
тел. 746747*